КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 ақпан Іс №7119-25-00-2/493 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ИВАНОВ В.Д.» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «ИВАНОВ В.Д.» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«ИВАНОВ В.Д.» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ИВАНОВ В.Д.» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есибаев К.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 14.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2025, судья Есибаев К. Б., 24.04.2025

7119-25-3-1/192